

**Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес туристік және рекреациялық мақсатта жер телімдерін пайдалануға беру жөніндегі тендерлік комиссия отырысының**

**№75 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**17 қаңтар 2025 жыл**

**Комиссия төрағасы:**

М.Айтимбетов – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің бас директорының орынбасары

**Комиссия төрағасының орынбасары:**

А.Тажиева – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің ТРЭА бөлімінің меңгерушісі

**Комиссия мүшелері:**

С.Оспанова – Түркістан облысы ТР және ТПРБ-ның орман бөлімінің бас маманы;

А.Төребеков – Түркістан облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы, сәулеттік жобаларды дайындау мен мемлекеттік қызметтерді көрсету бас маманы;

Ж.Мустакимова – Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы, жер кадастры және жерге орналастыру бөлімінің басшысы;

Б.Мауленова – Түркістан облысының туризм басқармасы, туризмді дамыту және туристік жобаларды жүзеге асыру бөлімінің басшысы;

Ж.Сүйінбай – «Жайылма» қоғамдық бірлестігінің төрағасы;

Ғ.Назарбек – Республикалық «Байтақ» болашақ экологиялық альянсының президенті;

Н.Ахылбеков – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің заңгер-кеңесшісі;

**Комиссия хатшысы:**

Е.Ералы – «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» КММ-нің Туризм менеджері;

**Өңірлік табиғи паркінің №47 лоты бойынша Түркістан филиалы Шәуілдір орманшылығы №74 орамының №1, 2, 5, 6 теліміндегі жер көлемі 8,6 га учаскені ұзақ мерзімге пайдалануға беру туралы**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия хатшысы Е.Ералы «Сырдария-Түркістан МӨТП» КММ-нің Түркістан филиалындағы Шәуілдір орманшылығы №74 орамының №1, 2, 5, 6 телімдеріндегі жер көлемі 8,6 га учаскені ұзақ мерзімге пайдалануға өтініш беруші Түркістан облысы, Отырар ауданы, Коксарай ауылы,



Б.Кадырбердиев көшесі үй №10 мекен-жайында орналасқан «Азамат» ӨК тапсырған құжаттармен тендерлік Қағидаға сәйкес комиссия мүшелерінің танысқанын хабарлады. Комиссия төрағасы М.Айтимбетов комиссия мүшелеріне өз пікірлерін айтуды ұсынды.

Бұдан кейін сөз сөйлеген комиссия мүшелері Ж.Мустакимова, А.Төребеков, С.Оспанова, Б.Мауленова, Н.Ахылбеков. Ж.Сүйінбай, Ғ.Назарбек құжаттармен танысқанын «Азамат» ӨК №47 лот бойынша жалғыз талапкер екенін, оның конкурстық ұсыныстары, құжаттары Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Қағида талаптарына сай екендігін, «Азамат» ӨК-нің учаскені туристік, рекреациялық мақсатта пайдалануға материалдық-техникалық мүмкіндіктерінің бар екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар жұмысқа тартылған қосалқы мердігер де бар.

Пікір алысуда «Азамат» ӨК конкурса қойылған №47 лоттағы жер көлемі 8,6 га учаскені туристік және рекреациялық мақсатта ұзақ мерзімге пайдалануға беру жөнінде ұсыныстар жасалынды. Басқа ұсыныстар түскен жоқ. Ұсыныс ашық дауысқа салынып толық қолдау тапты.

#### Комиссия шешім етті:

1. «Азамат» ӨК конкурс жеңімпазы деп танылып, №47 лот бойынша конкурса қойылған жер көлемі 8,6 га учаске өтінім беруші «Азамат» ӨК -не 25 жыл мерзімге пайдалануға берілсін.

2. Өңірлік табиғи парктің бас директорына жоғарыда көрсетілген өтінім берушімен 25 жылға пайдалануға беру жөнінде келісім-шарт жасауға ұсынылсын.

М.Айтимбетов

А.Тажиева

С.Оспанова

А.Төребеков

Ж.Мустакимова

Б.Мауленова

Ж.Сүйінбай

Ғ.Назарбек

Н.Ахылбеков

Е.Ералы